«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
2021 ж. «26» 01 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 210140032778
№ 8620-1901-НАО-ГП

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті Төрағасының
2020 жылғы «30» желтоқсан № 853
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері комитеті
«Нұр-Сұлтан» Олимпиадалық даярлау орталығы»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы – 2020 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру комитетінің «Нұр-Сұлтан» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 қарашадағы № 766 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру комитетінің «Велосипед спортынан олимпиадалық даярлау орталығы», «Күрес түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы», Нұр-Сұлтан қаласындағы «Олимпиадалық даярлау орталығы», «Атыс спорты түрлерінен олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының қосылу жолымен құрылды және барлық құқықтар мен міндеттердің, оның ішінде тараптар дауласатын міндеттемелердің құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі -мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Нұр-Сұлтан» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде - Республиканское государственное казённое предприятие «Центр олимпийской подготовки «Нур-Султан» Комитета по делам спорта и физической культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан;

қысқа:

мемлекеттік тілде – ҚР МСМ СДШІК «Нұр-Сұлтан» ОДО» РМҚК;

орыс тілінде - РГКП «ЦОП «Нур-Султан» КДСФК МКС РК.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 45 А.

2–тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататыназаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәтінен бастап жасалған болып есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні спорт саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты еркін күрес, грек-рим күресі, әйелдер күресі, таеквондо, дзюдо, каратэ WKF, тасжолдағы велосипед спорты, тректегі велосипед спорты, маунтинбайк, академиялық есу, байдаркамен каноэде есу, байдаркамен каноэде есу слаломы, оқ ату, стенд ату, садақ ату, триатлон, жеңіл атлетика бойынша спорт шеберлігін арттыру үшін спортшылардың жыл бойындағы орталықтандырылған даярлығын ұйымдастыру және өткізу, бұқаралық, дене шынықтыру-спорт қозғалысын дамыту үшін спорт ғимараты мен жабдықтарды күтіп ұстау және пайдалану, ұйымдар мен халыққа дене шынықтыру-спорттық қызметтер көрсету болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсатты іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) Кәсіпорын спортшылары үшін Қазақстан Республикасының жеке немесе жалға алынған спорт ғимараттарында және одан тыс жерлерде орталықтандырылған оқу-жаттығу жиындарына қатысу және өткізу;

2) патриотизмді қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысын ұйымдастыру және жүргізу;

3) Кәсіпорынның спортшыларын даярлау процесін материалдық-техникалық, әдістемелік, медициналық-биологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

4) Кәсіпорынның жаттықтырушылар құрамы мен басқа да мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

5) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесіне және спортшыларды даярлаудың жеке жоспарларына сәйкес Кәсіпорынның спортшыларының, жаттықтырушыларының және басқа да қызметкерлерінің

халықаралық спорттық жарыстарға, Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі оқу-жаттығу жиындарына қатысуын қамтамасыз ету;

6) тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша спортшылармен және жаттықтырушылармен, оның ішінде шет елдердің жаттықтырушыларымен спорттық қызмет туралы шарттар жасасу;

7) Қазақстан Республикасының және өзге елдердің басқа мамандарын шарттық негізде тарту;

8) спортшыларды ағымдағы және тереңдетілген медициналық-биологиялық және функционалдық зерттеп-қарауды және орталықтандырылған даярлауды, сондай-ақ спорт түрлері бойынша медициналық-биологиялық, профилактикалық және қалпына келтіру іс-шараларын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

9) спортшыларды жаттықтырушылық қызметке даярлау бойынша спорт ұйымдарының озық жұмыс тәжірибесін зерделеу және енгізу;

10) тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша спорт саласындағы мамандармен, оның ішінде шетелдік спорттық ұйымдардың спортшыларымен алмасуды жүзеге асыру;

11) жарыстар, жаттығулар мен жиындар кезінде спортшыларды жазатайым оқиғалардан сақтандыруды ұйымдастыруға қатысу;

12) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама немесе құрама командаларының негізгі құрамына кандидат спортшыларды іріктеу және даярлау;

13) допингке қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

14) дене шынықтырумен және спортпен айналысуға арналған спорт ғимараттарын және жабдықтарды күтіп ұстау, оларға қызмет көрсету және пайдалану;

15) спортшыларға және спорттық, мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысушыларға үй-жайды ұйымдастыру және қызмет көрсету;

16) спорттық, оқу-жаттығу сабақтары мен жиындарын, мәдени-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу және оларға қызмет көрсету, ғылыми конференциялар, форумдар мен семинарлар ұйымдастыру;

17) спорттық, сауықтыру секцияларын ұйымдастыру және оқу-жаттығу, әдістемелік сабақтар өткізу бойынша қызметтер көрсету;

18) спорт ғимараттары мен Кәсіпорын аумағын пайдалана отырып, жарнама қызметтерін ұйымдастыру;

19) заңнамада белгіленген тәртіппен спорттық керек-жарақты, спорттық мүкәммалды, спорттық және медициналық жабдықтарды сатып алу;

20) спортшыларды, келушілерді және Кәсіпорын қызметкерлерін тамақтандыруды ұйымдастыру;

21) спорт түрлері бойынша жарыстарды ұйымдастыру және өткізуге қатысу;

22) спорттық-сауықтыру қызметін жүзеге асыру үшін халыққа қызмет көрсету;

23) спорттық іс-шараларды өткізу кезінде медициналық қызметтер көрсету;

24) жаттығу сабақтарын, спорттық іс-шараларды және өзге де мәдени-бұқаралық және қоғамдық маңызы бар іс-шараларды өткізу үшін, оның ішінде спорттық және өзге де іс-шараларға қатысушыларды орналастыруды ұйымдастыру үшін спорт ғимаратын беру;

25) халық үшін жаттығу залдарында, фитнес топтарда және басқа да сауықтыру топтарында сабақтар ұйымдастыру;

26) спорт объектісінің атрибуттары мен нышандарын дайындау, белгіленген тәртіппен пайдалану.

15. Кәсіпорын осы жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

17. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ Кәсіпорын түрін айқындайды, Кәсіпорынның жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардыбекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорынның жұмыс істеуі мен оны басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

18. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оны орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Кәсіпорынның таза кірістің белгіленген бір бөлігін республикалық бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Кәсіпорын директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

19. Кәсіпорынның органы оның директорыболып табылады.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

21. Кәсіпорынның директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін егер осы Заңда және кәсіпорынның жарғысында өзгеше көзделмесе, Заңда және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мыналарға:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;

мемлекеттік Кәсіпорынның даму жоспарын жүзеге асырудың нәтижелілігіне және тиімділігіне жеке жауаптылықта болады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

23. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

24. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

25. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

26. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

27. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

28. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

30. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

31. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 154-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

32. Осы Жарғының 30-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

33. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

34. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

35. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

36. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

37. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, жарғыда көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

38. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптастырылады.

8-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

39. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

41. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорынның қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

42. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

43. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

44. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленеді.

11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

45. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

46. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

47. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

48. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

49. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

50. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, республикалық бюджеттің табысына есептеледі.

13-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

51. Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Директордың міндетін атқарушы М. С. Кипшакбаев _____